

ISSN 2310-3353



Қостанай  
мемлекеттік  
педагогикалық  
институтының

# ЖАРШЫСЫ

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ  
НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№ 1  
2022

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының ЖАРШЫСЫ

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

№ 1 2022



қарастырсаңыз да, ақындық қуатына шек келтіре алмайтын ақындар болады. Сондай ақындар қатарына Қалқаман Сариннің қосылары анық деп есептейміз.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Класикалық зерттеулер: Көп томдық. – Алматы: «Әдебиет әлемі», 2013. Т 15: К. Жұмалиев, З. Кابدолов, З. Әхметов. Әдебиет теориясы. – 412 бет
2. Райан Майкл. Әдебиет теориясы: Кіріспе. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 292 бет.
3. Қалқаман Сарин. Арманымның бейнесі. Өлеңдер жинағы. Астана: Нұра-Астана, 2010. – 106 бет.
4. Б. Оразалы «Қалқаман қандай ақын?», республикалық «Әдебиет порталы», 12 маусым, 2017 жыл.

*Материал редакцияға түсті 02.12.2021*

#### **БЕКБОСЫНОВА, А.Х., КЕНЖЕБАЙ, Л.А., ЕРКЕНОВА, А.С. КОНЦЕПТ «ЛЮБОВЬ» В СТИХАХ КАЛКАМАНА САРИНА**

*Одним из средств воспитания духа и патриотизма нации, любви к стране, милосердия к человечеству является художественная литература. В мире литературы есть свое место, один из Пыров поэзии – Калкаман Сарин. Творчество Калкамана Сарина наполнено нежной любовью, нежными чувствами. В статье изучен концепт «любовь» в произведениях поэта.*

**Ключевые слова:** поэзия, любовь, концепт, равенство, эпитет, художественная литература.

#### **BEKBOSYNOVA, A.X., KENZHEBAI, L.A., ERKENOVA, A.S. THE CONCEPT OF «LOVE» IN THE POEMS OF KALKAMAN SARIN**

*One of the means of educating the spirit and patriotism of the nation, love for the country, mercy for humanity is fiction. There is a place in the world of literature, one of the Genres of poetry is Kalkaman Sarin. Kalkaman Sarin's creativity is filled with tender love, tender feelings. The article examines the concept of "love" in the works of the poet.*

**Key words:** poetry, love, concept, equality, epithet, fiction.

## ӘОЖ 8.81

**Қанапина, С.Ғ.,**  
филология ғылымдарының кандидатты,  
қауымдастырылған профессор  
**Жақсылық, А.Ж.,**  
«6В01701-Қазақ тілі мен әдебиеті»  
Оқу бағдарламасының 2 курс студенті  
А. Байтұрсынов атындағы,  
Қостанай өңірлік университеті,  
Ө. Сұлтангазин атындағы  
педагогикалық институт,  
Қостанай, Қазақстан

### **С. МҰҚАНОВТЫҢ «СҰЛУШАШ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ЭПИТЕТТІҢ ҚОЛДАНЫС ЕРЕКШЕЛІГІ**

#### **Түйін**

Мақалада жазушы С.Мұқановтың «Сұлушааш» романындағы эпитеттердің этнолингвистикалық қолданысы қарастырылады. Сонымен бірге эпитеттерді зерттеуге арналған ғылыми еңбектердегі ғалымдардың тұжырымы беріледі. Шығармадағы қолданыс тапқан эпитеттердің ұлттық ерекшелігі сөз етіледі.

*Кілт сөздер: көркемдеу тәсілдері, сын есімді эпитеттер, тұрақты эпитеттер, бейнелі, образды эпитеттер.*

## 1 Кіріспе

Эпитет туралы А.Байтұрсынов өзінің «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде: «Бір нәрсені көптен айырып, көзге көбірек түсерлік етіп айтқымыз келгенде, ол нәрсенің атына айқын көрсеткендей сөз қосып айтамыз. Мәселен, «Қара Мұқан», «Сары Мұқан», «Болыс Мұқан» дейміз. Мұнда Мұқандардың бірінен-бірін айырып, әрқайсысын айқын шығару үшін, Мұқан деген сөзге басқа сөздер қосып отырмыз. Атымтай жомарт, Жиренше шешен, Қаз дауысты Қазыбек деу де айқындау мақсатпен айтқаннан шыққан. Бұл келтірілген мысалдардағы қара, сары, болыс, жомарт, шешен, қаз дауысты деген сөздер айырықша мақсатпен әдейі айтылып тұр. Сондықтан айқындаудың бұл түрі тек айқындау ғана болады» – деп эпитетке анықтама берген [1, 24 б].

Эпитет туралы З.Қабдолов өзінің «Сөз өнері» атты еңбегінде: «Айқындау, яғни эпитет-заттың, құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөз. Эпитетсіз тіпті айтарыңды анықтау, суреттеп отырған нәрсенді нақтылау қиын» – деген [2, 214 б].

Зерттеуші-ғалым А.Д. Есқараева өзінің «З. Шүкіровтың поэзиялық шығармаларындағы метафоралық қолданыстар» атты кандидаттық диссертациясында эпитет туралы былайша тұжырымдайды: «Тілдің аса пәрменді көркемдеу, бейнелеу тәсілдерінің бірі – эпитеттің құрылымдық, лексика-семантикалық, структуралық ерекшеліктері көптеген зерттеуші-ғалымдардың еңбектеріне арқау болды. Эпитет мәселесі орыс тіл білімінде А.Зеленскийдің, Л.И. Тимофеев, В.Сорокиннің, Д.Э. Розентальдің, қазақ тіл білімінде А.Байтұрсыновтың, Қ.Жұмалиевтің, З.Қабдоловтың, Р.Сыздықованың т.б. еңбектерінде сөз болды [3, 30-бет].

Зерттеуші-ғалым К.Қ.Есіркепова «1960-1980 жылдардағы әйел-ақындар поэзиясының тілі (Ф.Оңғарсынова, М.Айтқожина, А.Бақтыгереева, К.Ахметова шығармалары негізінде)» атты монографиялық еңбегінде эпитетке тоқталып өтеді: «Эпитет – тіл өрнегіндегі өте жиі көрінетін әрі бояу ерекшелігі де құбыла құлпырып келетін құбылыс. Әйел-ақындар сөздерді мәнерлеп, бейнелеп, алуан түрлі құбылып жеткізудің сан алуан қыр-сырын толық меңгерген» [4, 88-бет].

Эпитет туралы Р.Сыздықова өзінің «Абайдың сөз өрнегі» атты еңбегінде: «Эпитеттер бір нәрсенің белгісін, қасиетін, сынын айқындайтын болғанықтан, көбінесе екі-үш сөзден құралған тіркеспен келеді. Мысалы, қызыл тіл дегеннің өзі тұрақты эпитетпен келген тіркес болса, Абай оған толғауы тоқсан деген эпитет қосып, бұл образдың экспрессиясын одан сайын күшейтеді.

Бізге дейінгі зерттеушілер де атап көрсеткендей, Абай бір ғана жүрек сөзін әр алуан эпитетпен жұмсайды, олардың ішінде жылы жүрек, ет жүрек деген бірен-сараны ғана тұрақты эпитетпен келген, қалған 14-15-і – Абайдың өзі ұсынған эпитеттермен айтылған образдар: сорлы жүрек, асау жүрек, жалын жүрек, үрпейген жүрек, кірлеген жүрек, ынталы жүрек, жаралы болған жүрек, асыл жүрек, мұз жүрек, сұм жүрек, ызалы жүрек. Яғни Абайдың көркем тілінде эпитеттер молынан кездеседі» – деп мысалдармен дәлелдеген [5, 30-бет].

Сонымен эпитет болу үшін, сол нәрсені анықтай көрсетумен қатар, оның тигізетін әсері, бейнелілік қасиеті болу керек. Ал, олай болмай, нәрсенің жай қалпын, санын білдіру үшін қолданылса, эпитет емес, сын есім не анықтайтын сөздер ғана болады – деп Мұхаметқалиева Гүлнар Өкісханқызы «Тұрақты эпитеттің тілдік табиғаты» атты өзінің кандидаттық диссертациясында эпитеттерге анықтама беріп «Эпитет дегеніміз – кем дегенде екі сөздің тіркесуінен тұратын, бірінші сыңары компоненті, коннотативті, екінші сыңары деннотативті, өзара қабыса байланысқан, көркем, бейнелі, образды тілдік конструкция» дей келе эпитеттердің 2 түрлі болатынын айтып кеткен, Олар:

- 1) Еркін поэтикалық
- 2) Тұрақты тілдік

Тұрақты тілдік эпитеттер мен еркін эпитеттің мағынасы – эпитеттік мағына. Бұл екеуінің арасында ешқандай семантикалық айырмашылық болмайды. Олардың атқаратын стильдік қызметі де ұқсас. Эпитет категориясының бұл екі түрі затты болмаса құбылысты эмоционалдық жағынан тиімді, экспрессивті жағынан әсерлі етіп суреттеуді мақсат етеді.

Тұрақты эпитеттер 3 түрлі болады

- 1) Екі мүшелі эпитеттер
- 2) Үш мүшелі эпитеттер
- 3) Көп мүшелі эпитеттер

Үш мүшелі тұрақты эпитеттердің өзінің бірнеше құрылымдық топтарға бөлген.

- 1) Зат есім + зат есім + зат есім – қозы жауырын оқ, қаз бауыр бұлт т.б.
- 2) Зат есім +зат есім + зат есім – Түйе қотыр сөз, ат тон айып, арыстан төс айғыр т.б.
- 3) Сын есім + сын есім + зат есім – сары шұнақ аяз, қара нөпір қол т.б.
- 4) Сын есім + зат есім + зат есім – ақ көз ерлік, ақ сирақ жұт т.б.
- 5) Сан есім + зат есім + зат есім – сегіз қиыр шартарап, қырық күн шілде т.б.
- 6) Сан есім + сын есім + зат есім – тоғыз көзді кіреуке, тоғыз санды торғауыт т.б.
- 7) Зат есім + етістік + зат есім – жер қайысқан қол, топ жарған шешен, жүрек жұтқан

бауыр, сирағы шыққан кедей т.б.

8) Есімше + сын есім + зат есім – сақылдаған сары аяз, самсаған сары қол, қақаған кара суық т.б.

## 2 Материалдар мен әдістер

Бұл мақаланы жазу барысында алдымен жалпы теориялық әдіс қолданылды. Эпитеттің шығу тегі, түрлері жайлы зерттеген ғалымдардың еңбектері қаралды. Қажетті материалдар жинақталып, мақала жазуда бір жүйеге келтірілді. С.Мұқановтың «Сұлушаш» шығармасындағы қолданылған эпитеттер этнолингвистикалық сипаты жағынан талданды.

## 3,4 Нәтижелер мен талқылау

Шығармада терілген эпитеттер:

1.Тілеуберді шағатын **ұлы тілмен**.

Ер Алтайды **ұлы ой** жегідей жеп, [С.Мұқанов «Сұлушаш» 14-бет]

**Ой** сөзі – философ Абайда жиі қолданылатын объект, сондықтан оның тілінде қуатты ой, ескі ой, ылай ой, ұйықтаған ой, ауыр ой деген тың эпитетті тіркестер бар. **Тіл** сөзі де тура мағынасымен қатар, «айтылмаған (не айтылмақ) ой, өлең, сөз» деген ауыспалы мағыналарда да қолданылғандықтан, ақын мұның да эстетикалық өрісін кеңейтеді: бұрынғы ащы тіл, қайран тіл сияқтылардың үстіне мінсіз тіл, шыншыл тіл, буынсыз тіл, толғауы тоқсан қызыл тіл деген жаңа эпитеттермен келген тіркестерді қолданады [Сыздықова Р. «Абайдың сөз өрнегі» 30-бет]

2. Жарысқан желмен бірге **отты жүрек**

Алтайды әлденеге дірілдетті.[С.Мұқанов «Сұлушаш» 18-бет]

3. Шыдамай **шерлі жүрек** дірілдеді,

«Асықпа, кешікпейді,келеді» деп, [С.Мұқанов «Сұлушаш» 19-бет]

Абай бір ғана жүрек сөзін әр алуан эпитетпен жұмсайды, олардың ішінде жылы жүрек, ет жүрек деген бірен-сараны ғана тұрақты эпитетпен келген, қалған 14-15-і – Абайдың өзі ұсынған эпитеттермен айтылған образдар: сорлы жүрек, асау жүрек, жалын жүрек, үрпейген жүрек, кірлеген жүрек, ынталы жүрек, жаралы болған жүрек, асыл жүрек, мұз жүрек, сұм жүрек, ызалы жүрек. Яғни Абайдың көркем тілінде эпитеттер молынан кездеседі [Сыздықова Р. “Абайдың сөз өрнегі” 30- бет]

4. Ақтарды іштерінен **қалың шерді**.

Сұлудан көзін алмай тесе қарап, [С.Мұқанов «Сұлушаш» 21-бет]

Шер өлеңдері, кейде көп елдің басына үй ішінің қайғысынан, жеке адамның қайғылы күйінен туатыны да болады. Бұл өлеңдердің бәрі де көңілдің қайғылы, қаралы, мұңды сезімдерін білдіретін сөздер. Кей уақыт елдің жалпақ қолданған әдетінен туатын өлеңдер де шерлі өлеңге қосылады.

5. Оралып мойнына **жібек шашы**.

Алтайдың мына сөзге мұздап іші,

Құбылып қырық түрленіп **сұрша түсі**, [С.Мұқанов «Сұлушаш» 22-бет]

Мұндағы жібек шаш пен сұрша түсі қыздың еркеше бейнесін көрсетіп тура мағынада қолданған.

6. **Сұм үміт** сұп-сұр болып елес беріп,

Көктің бір қиырында қыландады. [С.Мұқанов «Сұлушаш» 24-бет]

Мұндағы сұм үміт сөзі дерексіз ұғым ол нақты зат емес, бірақ құбылыс пен іс-әрекет арқылы баламаланады.

7. Сол нұрлардың ішінде аппақ үйлер,

Дөңкііп тұр бейне бір күміс қазан. [С.Мұқанов «Сұлушаш» 29-бет]

Қазан арқылы үлкен философиялық ой-толғамдарды жатқызуға болады. Мысалы қазақ ұғымында қазаннан айырылу құт-берекеден айырылумен бірдей. Сол сияқты, біреудің қазанын тартып алу масқарашылық болып саналған. Қарғыстың да жаманын қазақ қазанмен байланыстырады. «Қазаның басыңа төңкерілсін», «қазаның қайнамасын», дейді. Сол сияқты, жақсы тілегімізде қазанмен қатысты. «Қазаның ортаймасын», «ошағыңның оты өшпесін», «қазан толсын» деп тілейді. Қазан-қазақтың қуатын, абыройын, берекесін білдіреді. Қара қазанның қасиеттілігін оның береке мен байлық, бейбіт өмірдің символдық белгісі екендігімен түсіндіріледі. Толы қазанды ұрықтанған жатырмен де ұқсастыра түсіндіретін пікір де бар.

8. Бір қарап жаңа шыққан сұлу күнге,

Отауға **қара көзді** қадап тікті. [С.Мұқанов «Сұлушаш» 30-бет]

Көз – адамның айнасы. Қазақ халқы үшін адамның жан дүниесі мен мінез құлқын танып білу үшін оның көзіне қарау жеткілікті болған. Мысалы тілімізде көздің мынадай түрлері бар: тана көз, бота көз, бадана көз, айна көз, қарақаттай көздер, жәудір көз, күлім көз, көген көз, қой көз, қоңырқай көз, тұнық, мөлдір көз, мойылдай көз, тұнжыр көз, нәркес көз, тостағандай жанар, елегізген еліктің жанарындай, қос жұлдыздай қос жанары және т.б.

9. Хош иісті, **қоңыр салқын жел** де майда.

Жастанып мамық жастық қарнын сипап, [С.Мұқанов «Сұлушаш» 32-бет]

Қоңыр – қазақ халқында тұрмыс-тіршіліктің қарапайымдылығын, орташалығын білдіреді. Қоңыр күй, қоңыр тіршілік, қоңыр шаруа, қоңыр үй т.б. Қоңыр сөзі саз әлеміне қатысты сөздермен жиі тіркеседі. Мысалы, қоңыр үн, қоңыр саз, қоңыр әуен, қоңыр дауыс. Бұл тіркестер құлаққа жағымды, көңілге жайлы, адамның ішкі жан әлеміне ерекше әсер ететін деген мағынаны білдіреді. Қоңыр – табиғат құбылыстарының кейбір қалпын білдіреді: қоңыр салқын, қоңыр жел т.б.

Қоңыр – үн танымдық құрылымына мынадай фреймдер кіреді: адамның дауысы, әуен, әншілер тобы, ән салатын топ, әншілерден құралған трио, дауыс, домбыра. Өмірдің өзі де қоңыр, қарапайым, қарапайымдылық, тірлік деген ұғымда жұмсалады.

10. **Қып-қызыл жұқа ерні** қыбыр етіп.

Қабакта қимылдаған қара қасы, [С.Мұқанов «Сұлушаш» 33-бет]

Қып-қызыл – күшейтпелі сын есімді шырай. Ақын шығармада қызыл сөзіне күшейткіш сын есімді тіркестіріп, қыздың ернінің жұқалығы мен қызыл түсті екенің айтып тура мағынасында қолданған.

11. Қайғы, мұңның құрдасы болған **қара үй**.

Сел болған көз жасына толған қара үй,

Албастыдай қайғының қара бұлты,

Үстін баса орнығып қонған **қара үй** [С.Мұқанов «Сұлушаш» 45-бет]

Қара – үлкен, қадірлі, қастерлі, қасиетті. Қара үй – қазақтың ежелден келе жатқан қара шаңырағы іспетті. Өзгешелігі қара шаңырақ – жалпы шаңырақ атадан әкеге, әкеден балаға, соның ішінде от басындағы кенже ұлға мирас болар, үлкен үй мағынасында қолданылатын түркі әлемінің мәдениеті мен дүниетанымында өте бір маңызды да, мәнді концептілер



құрамына енеді. Ал шығармадағы Қара үй – жоқшылық, кедейлік арылмаған кедей қауымының қарапайым үйі ретінде қолданылған. Қара үй – теңсіздіктің, кедейліктің символы ретінде де қолданылады.

12. - «Сұм өмір, маған тартқан сыйың сол ма?

Бір ісім өмірімде баспады оңға. [С.Мұқанов «Сұлушаш» 46-бет]

Академик Р.Сыздықова өмір сөзіне байланысты былай дейді: «Абай шығармасында перифраздардың жалпыхалықтық тілде қалыптасқандары да, өзі жасаған авторлық түрлері де бар. Мысалы, Абайда өмір, тіршілік дегенді сұм жалған, сұм дүние (Бір қызық ісім екен сұм жалғанда). Абайда өмір сөзі (алдамшы өмір, ку өмір, асау өмір, тентек өмір) сияқты сөздердің де эстетикалық өрісі кеңіген» [5, 32-бет].

Ал шығармада сұм өмір ауыспалы мағынадағы дерексіз ұғым. Ол жолы болмаған, тағдыр қаталығын бейнелеген.

13. Жарқ етіп болат тұяқ тақтай қанат,

Сұлуды қара бүркіт қалды басып. [С.Мұқанов «Сұлушаш» 50-бет]

Бүркіт халықтың таным-түсінігінде батылдықтың, батырлықтың, еркіндіктің символы. Қазақстан Республикасының Туында бүркіт азаттықтың, тәуелсіздіктің айыбы ретінде бейнеленген. Қазақ халқы бүркітті киелі құс санағандықтан оның атын қастерлеп, бүркіттей қыран, өжет, қайсар болсын деп жаңа туған балаларына да оған қатысты аттарды қойған. Және де ата-бабаларымыз «бүркіт қасиетті құс болғандықтан, одан жын-шайтан, пәле-жала қашады», – деп ойлағандықтан, «бүркітпен аластауды» салт етіп ұстанған. Ал шығармада бүркіт сөзі қара сөзімен тура мағынасында қолданылған.

14. Неше жылдай тас болған қос емшектен

Саулап аға жөнелді ақ сүт тасып. [С.Мұқанов «Сұлушаш» 58-бет]

Ақ түс – қазақ халқының жанына жақын, көңіліне қалаулы түс. Себебі қазақта «ақ» – пәктік пен ақтықтың нышаны, қуаныш пен жақсылықтың белгісі, махаббат, үміт, қайырымдылық деген ізгі сезімдердің символы. Өйткені бұл қазақтың ең қасиетті тағамы – сүттің түсі [6, 73-бет].

Ал шығармада ақ сүт тағам ретінде емес, ананың ақ сүті ретінде қолданған.

15. – Сылдыр су, сыбырлақ жел, жылтыр көк тас,

Алтын күн, сұрланған бұлт, ну қара ағаш. [С.Мұқанов «Сұлушаш» 79-бет]

Бұл эпитеттер бейнелі, көркем, әсерлі эпитеттер. Адамның көз алдына образ тудырып, жай ойға сезімді әсер беріп, суреттелміш нәрсенің әсерін күшейту үшін қолданылған бейнелі сөздер. Табиғат әлемін, табиғат құбылысын адам жанының сан алуан сезіміне тән дерексіз ұғымдағы сөздермен астастыра айқындау арқылы суреттеген. [4, 89-бет].

## 5. Қорытынды

Эпитет – бір нәрсені нақтылап айқындау үшін екінші бір затпен теңестіру үшін қолданылады. Соның ішінде этнолингвистикалық эпитеттер ұлтымыздың сан ғасырлы тарихынан сыр шертетін, оны заттармен салыстыра көрсететін бейнелі де әсерлі ұғымдар. Олар арқылы ұлттық мәдениетіміздің байлығы, сөздік қорымыздың молдығы көрініс табады. Шығармадан 44 эпитет терілді. Оның 15-і талдауға түсті.

Жалпы шығармада сын есімге қатысты – 28 эпитет, адам бейнесіне қатысты – 6 эпитет, табиғат құбылысына қатысты – 10 эпитет қолданылған.

## Әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 бет.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «TST-Company», 2006. – 214 бет.
3. Есқараева А.Д. З.Шүкіровтың поэзиялық шығармаларындағы метафоралық қолданыстар. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясының авторефераты, Астана – 2002. – 30 бет.
4. Есіркепова К.Қ. 1960-1980 жылдардағы әйел – ақындар поэзиясының тілі. – Қостанай. ТОО «Центрум», 2010. – 135 бет.

5. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2014. – 30-бет.
6. Мұхаметқалиева Г.Ө. Тұрақты эпитеттің тілдік табиғаты. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты, – Алматы, 1995. – 30 бет.
7. Мұқанов С. Сұлушаш. – Алматы: Атамұра, – 2002. – 288 бет.

*Материал редакцияға түсті 27.12.2021*

**КАНАПИНА, С.Г., ЖАКСЫЛЫК, А.Ж.  
ОСОБЕННОСТИ УПОТРЕБЛЕНИЯ ЭПИТЕТА В ПРОИЗВЕДЕНИИ С. МУКАНОВА  
«СУЛУШАШ»**

*В статье рассматривается этнолингвистическое использование эпитетов в романе писателя С. Муканова «Сулущаш». При этом дается заключение ученых в научных трудах, посвященных изучению эпитетов. В произведении выражена национальная специфика использованных эпитетов.*

**Ключевые слова:** *способы художественной выразительности, прилагательные эпитеты, постоянные эпитеты, художественные, образные эпитеты.*

**KANAPINA, S.G., ZHAKSYLYK, A.ZH.**

**FEATURES OF THE USE OF THE EPITHET IN S. MUKANOV'S WORK «SULUSHASH»**

*The article examines the ethnolinguistic use of epithets in the novel "Sulushash" by the writer S. Mukanov. At the same time, the conclusion of scientists in scientific works devoted to the study of epithets is given. The work expresses the national specificity of the epithets used.*

**Key words:** *methods of artistic expression, adjectives, permanent epithets, artistic, figurative epithets.*

**УДК 371.32**

**Нурсеитова, А.К.,**

*кандидат педагогических наук,  
профессор Центра языковой подготовки  
КРУ имени А.Байтурсынова,*

**Алпамыс-Батырулы, Б.,**

*учащийся гимназии имени М. Горького  
Костанай, Казахстан*

**ЛИНГВОКУЛЬТУРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ТОПОНИМИИ НУР-СУЛТАНА**

**Аннотация**

*В данной статье рассматриваются лингвокультурные особенности топонимии Нур-Султана, столицы Республики Казахстан. Из топонимов города Нур-Султана особенно примечательной является следующая семантическая группа – названия жилых комплексов столицы. Нейминг (процесс разработки названия) зародился в Астане с получением статуса столицы и сегодня маркетологи стремятся придумать новому строению как можно более звучное и необычное название. Поскольку в нынешних условиях в многонациональном Казахстане активизируется процесс формирования полиязычной и, следовательно, поликультурной личности, то данный процесс затронул и названия жилых комплексов. Например, «Ақ сарай» («Белый дворец»), «Байқоныс» (Богатая обитель), «Ақ отау» («Белый очаг»), «Береке» («Благополучие»), «Триумф Астаны», «Северное сияние», «Олимп Палас», «Эдем Палас», «Номад», «Europe palace» («Европейский дворец»), «Future home» («Дом будущего»), «King house» («Королевский дом»), «Caspian palace» («Каспийский дворец») и другие.*